

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, жас ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті, туған өлкені танып-білуге деген құлшынысты ояту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында «**Ауылым - алтын бесігім**» атты аудандық бейнероликтер байқауы **онлайн форматта** ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес nurdanamaratkyzy31@mail.ru электронды поштасына 2025 жылдың 12 ақпанына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 2 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

**«Ауылым - алтын бесігім» атты
аудандық бейнероликтер байқауының**

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже байқауды өткізудің мақсаты мен міндеттерін, тәртібін анықтайды.

- 1. Байқаудың мақсаты** - жас ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті, туған өлкені танып-білуге деген құлшынысты ояту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.
- 2. Байқаудың міндеттері:**
 - жас ұрпақтың бойында туып-өскен жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, сол арқылы жалпы қазақстандық патриоттық рухты көтеруге атсалысу;
 - жастарды өлке тарихы мен мәдениетін тануға баулу;
 - отансүйгіштік рухы жоғары, белсенді, талантты жастарды анықтау және ынталандыру, оларды көпшілікке үлгі ету, сол арқылы тек туған өлкеге ғана емес, жалпы Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру.
- 3. Байқау** Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының тапсырмасы бойынша өткізіледі.
- 4. Байқаудың әділ қазылар алқасының** құрамын ауданының білім бөлімі қалыптастырады.
- 5. Байқауға** қатысушылардың жұмыстарын бағалау, байқау жеңімпазын анықтау ісі, байқау комиссиясына жүктеледі.

II. Байқауды ұйымдастыру уақыты

- 6. Байқауды** аудандық білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы ұйымдастырып өткізеді.
- 7. Байқау** 2025 жылдың 14 ақпанына күні өткізіледі. Байқау жұмыстары 2025 жылдың 12 ақпанына дейін nurdanamaratkyzy31@mail.ru электронды поштасына қабылданады. Көрсетілген уақыттан кейін түскен жұмыстар байқауға қатыстырылмайды.

III. Байқауға қатысушылар

8. Байқауға қатысу үшін үміткерлер өз туған жері туралы дауыспен қатар жүргізілген бейне материал әзірлеу керек.
9. Байқауға 12-16 жас аралығындағы оқушылар қатысады.

IV. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

10. Байқау талаптары:

- бейне-роликтің мазмұны «**Ауылым – алтын бесігім**» тақырыбына сай болуы тиіс;
 - байқауға тек қазақ тіліндегі бейне-роликтер ғана қабылданады.
 - бейне-ролик мазмұны жағынан неғұрлым толық, техникалық жағынан барынша сапалы жасалуы қажет;
 - байқау қатысушыларының авторлық шығармашылық идеяларына шектеу қойылмайды.
 - бейне-ролик ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.
11. Байқаудың жеңімпаздарын кәсіби қазылар алқасы бағалап, анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

V. Байқауға қатысушыларды марапаттау

12. Байқауға қатысушылар БАС ЖҮЛДЕ, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Сондай-ақ, байқаудың барлық қатысушыларына алғыс хаттар жолданады.
13. БАС ЖҮЛДЕ иеленген жұмыс байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алады.

«Ауылым - алтын бесігім» атты аудандық бейнероликтер Өтініш үлгісі

1	Білім беру ұйымы	
2	Қатысушының аты-жөні	
3	Жетекшісінің Т.А.Ж.	
4	Жетекшінің байланыс телефоны	
5	Бейне-роликтің атауы	
6	Жетекшінің электронды поштасы	